

10- сынып	Пәні: Қазақ әдебиеті	
Тақырыбы	Ақан сері Қорамсаұлы «Құлагер» өлеңі.	
Мақсаты	Өлеңнің мазмұнын меңгерту, Ақанның жан күйзелісін өлеңнен ашу, өнерге жасалған қасіретті ұғындыру.	
Күтілетін нәтиже	А. Топта бірігіп оқу арқылы мазмұнын меңгереді, ақын шығармаларының тақырыбын еске түсіреді, өлеңнің мазмұнын түсіндіріп, өз сөзімен айтады. «Құлагер» өлеңі мен «Маңмаңгер» әнін салыстырады.	
	В. Өлең құрылысына, әдеби теориялық талдау жасайды, Құлагер тақырыбына жазылған зерттеу материалдарын қосымша қолданады. Оқулық мазмұнында берілген мәтінмен салыстырады.	
	С. «Ақынның жан күйзелісін берудегі шеберлігі» тақырыбында эссе жазады. Құлагер - тағдыр тіркесіне болжам ұсынады. Құлагерді құлатқан кім? – деген сұраққа Батырашты жақтайды не жоққа шығаратын дәлелдер келтіреді.	
Дереккөздер, құрал-жабдықтар	10-сынып. Әдебиет оқулығы. І.Жансүгіров «Құлагер» кітабы, стикерлер, смайлик, қайшы, желім, магнит, А3 формат, «Құлагер» фильмінен фрагмент, Ақанның «Құлагер», «Балқадиха» әні, интербелсенді тақта, компьютер.	
Сабақтың барысы:	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	<p><i>І.Тұлғааралық байланысты орнату.</i></p> <p>1.Сыныппен амандасу.</p> <p>2. «Мен сыныппен жұмысты қалай бастаймын?»</p> <p>Танысу тренингі. Эрудит Эльмира.</p> <p>Топқа бөлу. Кесілген қиықтардың таңдағанын алады, қиық бойынша құрастырып 2 топқа отырғызу.</p> <p><i>II.Сыныптың білім деңгейін анықтау.</i></p> <p>1. Ақан сері қай жылы, қай жерде дүниеге келген?</p> <p>2. Ақан қайдан, қандай білім, тәрбие алған?</p> <p>3. Ақанның бойында қандай өнерлері тоғысқан?</p> <p>4. Ақанды елі неліктен Сері атаған?</p> <p><i>III.Алдыңғы сабақты қысқаша қайталау.</i></p> <p>1.Біржан мен Ақан өмірімен шығармашылығы-ның ұқсас жақтары мен айырмашылықтары неде?</p>	<p>Сынып оқушылары есімдерін сын есіммен байланыстырып өзін таныстырады. Ибалы Инабат.</p> <p><u>II, Күтілетін жауаптар.</u></p> <p>1.1843 жылы Ақмола облысы, Қоскөл деген жерде.</p> <p>2. Әкесі баласы Ақанның зеректігін ерте танып, оқуға береді. Кейін Қызылжардағы Уәли ахун хазіреттің медресесіне түседі. 3 жыл оқиды, имандылық шарттарын меңгереді. Араб, парсы халқының тілін үйренеді.</p> <p>3. Сазгерлік, әнші-орындаушылығы, серілігі.</p> <p>4. Оқушы өз пікірін айтады.</p> <p>III. 1. Оқушы өз пікірін айтады.</p> <p>2. Ақан шығыстың аңыздары мен ертегілері, ғашықтық жырларымен сусындайды. Фирдоуси, Низами, Хафиз т.б. классиктердің мұраларынан мәлімет алады.</p> <p>3. «Перизат», «Үш тоты құс», «Балқадиха», «Кербез сұлу».</p> <p>4. «Балқадиха» әнінің мелодиясын табады, шығу тарихын айтады.</p> <p>5. Бекбасты қызы Фатима оң жақта қайтады. Шомайт қожаның қызы Фатимадан 1 ұл, 2 қыз көреді. 10 жылдан кейін Фатима қайтыс болады. Тінәлінің қызы Ұрқияны алып қашады 3 айдан соң ол да қайтыс болады.</p>

	<p>2. Ақан шығармашылығында Шығыс әдебиетімен Батыс әдебиетінің әсері болды ма?</p> <p>3. Ақанның сұлу қыздарға, сүйкімді құрбыластарына арналған қандай өлеңдері бар?</p> <p>4. «Балқадиша» әнінің әуенін тыңдату. Осы әннің шығу тарихын кім біледі?</p> <p>5. Сері сүйген сұлулар кімдер еді?</p> <p>6. Адам бойындағы артық қылық, кемшін мінез, жан дүниесіндегі кемістік пен даралық өмір сүру мәдениетіндегі олқылықтар Ақанның қай өлеңдерінде шынайы көріністер арқылы көрсетеді?</p> <p><i>ІҮ. Сабақ тақырыбын білдіретін мәселелерді анықтау.</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сері жігіттің серігі нелер еді? 2. Құлагер туралы кім қандай мәліметтер біледі? 	<p>6. «Қыз сипаты», «Айтамын замандасқа біраз кеңес» т.б</p> <p><i>ІҮ. Оқушы жауабы:</i></p> <p>Ақан серінің серігі тұлпары Құлагері, Базарала деген тазысы, Көкжендет атты қаршығасы, Қараторғай атты қыран бүркіті болған.</p> <p>С.Жүнісов «Ақан сері» романын жазды, Ақанның «Құлагер» әні, Құлагерге арналған «Маңмаңгер» әні бар. І.Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасы, жерлес суретші М.Жоламановтың «Құлагер» картинасы, «Қазақфильм» киностудиясының «Құлагер» фильмі бар.</p>
Тұсаукесер	«Құлагер» фильмінен үзінді фрагмент көрсетіледі.	Фрагмент бойынша оқушы өз пікірін айтады.
Негізгі бөлім	<p>Тапсырмалар.</p> <p>I. 1-топ. «Құлагер» өлеңінің мазмұнын оқу. 2-топ. «Маңмаңгер» өлеңінің мазмұнын оқу. Топта өлең мазмұнын оқып, өз сөзімен мазмұнын түсіндіру.</p> <p>II. Оқушыларға жоғары, төмен мәртебелі сұрақтар дайындамамын.</p> <p>III. «Құлагер» өлеңі мен «Маңмаңгер» әнін салыстыр.</p>	<p>Оқушылар берілген тапсырмалар бойынша жұмыстанады.</p> <p><i>Күтілетін жауап.</i></p> <p>I. 1-топ. Ақанның атын алысқа естіртіп, даңқын әуелеткен сәйгүлігі – Құлагер. Қарауыл еліндегі Шөкетай деген кісіден сатып алған. Мұнда Ақанның екі қасиеті көрінеді. Біріншісі – сыншылығы да, екіншісі – атбегілігі. Керей Сағынайдың асында Күреңбай деген ат сейіс Ақанның тұлпарының бас бәйгені алатынын бірден таниды. Мұны естіген Батыраш, Қотыраш деген бай балалары іштарлық жасап, Құлагерді шокпармен ұрып құлатады. Ақан «Құлагер» әнін шығарады.</p> <p>2-топ. Ақан Құлагердің маң-маң басқан жүрісіне көңілі толып, «Маңмаңгер» әнін</p>

ІУ. «Құлагер», «Маңмаңгер» өлеңнің тілдік көркемдік ерекшелігіне әдеби-теориялық талдау жасатамын.

ІУ. «Құлагер» әнін тыңдай отырып, «Ақынның жан күйзелісі» тақырыбында эссе.

ІҮ. «Құлагер – тағдыр» дегенді қалай түсінесіңдер? Өз болжамыңды ұсын.

ІҮ. «Құлагерді құлатқан кім?» - деген сұраққа Батырашты жақтайды не жоққа шығаратын дәлелдер келтіреді.

шығарады. Маңмаңгер, кекілің келте, жалың майда, Жүйрік жоқ сенен озған құнан, тайда...- деп, тұлпарының тұлғасын ерекше бір сүйіспеншілікпен жырлайды.

ІІ. Жоғары, төмен мәртебелі сұрақтар қояды.

1. Ат сейіс деген кім? (Ат сыншысы)
2. Құлагер өлеңінде Ақанның қандай қасиеттері көрінеді? (Сыншылығы мен атбегілігі)

ІІІ. Салыстырыңыз.

«Құлагер»		«Маңмаңгер»
Құлагерді кімнен, қайдан алғанын, портретін, бәйгеге 100 км қалғанда ауыздықпен тоқта алмайтынын, жоқтап жырлайды.	Серінің Тұлпарына арналған ән-өлеңдер. Ән-өлеңге тұлпар сыны арқау болған.	Ән Құлагердің маң-маң басқан жүрісіне көңілі толған серінің тұлпарының тұлғасына ерекше бір сүйіспеншілік-тен туған.

ІҮ. «Құлагер»

1. **Авторы** - Ақан сері Қорамсаұлы
2. **Тақырыбы** – тұлпардың жүйріктігін, сынын дәріптеу.
3. **Жанр түрі** – поэзия (өлең).
4. **Идеясы** – жүйрікке жасалған, өнерге жасалған қастандыққа лағынет айту.
5. **Шумақ** – аяқталған синтаксистік біртұтас ой. 26 шумақты.
6. **Тармақ** – өлеңнің әр жолы. 104 тармақты.
7. **Бунақ** – белгілі дауыс ырғағымен бөлінуі. 3 бунақты.
8. **Буын саны** – дауысты дыбысқа байланысты. 11 буынды.
9. **Ұйқас түрі** – қара өлең ұйқасы.
10. **Әдеби-теориялық ұғымдар.**

Ассонанс.

Атыңды, ат айдаушы, айда деймін.

Алдыңғы ат баран болмай,қылаң болды.

Эпифора.

Жел соқса, қамыс басы майда **деймін,**

Атыңды, ат айдаушы, айда **деймін.**

Алдыңғы атбаран болмай,қылаң болды,

Жығылмаса Құлагер, қайда **деймін?!**

Теңеу – сапты аяқтай.

Метафора – әкең-тұлпар, шешен – сұңқар.

Эпитет – күлте жібек құйрық-ай, бота тірсек,

	<p>қыз сағак, сандал керім.</p> <p>Риторикалық сұрақ - Жығылмаса Құлагер, қайда деймін?!</p> <p>Ү. «Ақынның жан күйзелісі» тақырыбына эссе жазады.</p> <p>ҮІ. Сұлтан: Құлагер қапыда мерт болған сәйгүлік. «Қазақ жырының Құлагері» атанған Ілияс Жансүгіров қапыда репрессия құрбаны болды, ал Құлагер картинасының авторы Мұратбек Жоламанов та сурет өнерінен ерте ағып түскен жұлдыз. Бәлкім, Құлагер тағдыры - сұлулық пен жылдамдықтық символы ма деген пікір туындайды менде.</p> <p>Құлагерді құлатқан кім?- деген сұраққа оқушылар зерттеу мақалары мен оқулық мазмұнында берілген мәтінмен, Құлагер өлеңін негізге ала отырып, Батырашты жақтайды не жоққа шығаратын дәлелдер келтіреді.</p> <p>ҮІІ. Мариям: Мағжан Жұмабаевтың «Ақан сері» атты деректі очеркінде басқаша сипатталады. Мағжан, анығын айтсақ, Құлагерді Батыраш емес, Барақбайдың шабарманы Бөрібай өлтірді деп жазды. Очеркте жазылған деректерді Мағжан Ақанның дүние салғаннан кейін әйгілі әншінің көзін көрген халық ішіндегі Баялы Мырзаұлы, Қазы Самыратұлы, Қоқыш Шыңғысұлы, Ысмағұл Бозайұлы сынды сауатты адамдардың ауызынан естіп, қағазға түсіргендігін айтады. Бір қызығы Ілиястың поэмасы мен Мағжан очеркінде жер мен көктей айырмашылықтар бар.</p> <p><i>Жұлдыз:</i> Мәселен, І. Жансүгіровте Ақан Құлагерді нағашысынан алса,</p> <p>М. Жұмабаевта Құлагер Қарауыл Шөкетай жылқысынан. Ақан Құлагерді Шөкетайға жүз сом беріп сатып алады. Мағжан еңбегінде Құлагер өліміне Аққошқар Сайдалының асы себепкер болғандығы суреттеледі. Аста үш жүзге жуық аттың ішінен Құлагер жеке кара үзіп алдыға шығады. Оның артынан Барақбайдың Кетеберкөк деген аты құйырық тістесіп келе жатады. Сол кезде Барақбайдың Бөрібай есімді шабарманы көмбеге жақындаған</p>
--	--

		<p>аттардың алдынан шауып шығып, Құлагердің алдынан кес-кестеп Кетебөркекті көтермелей жөнеледі. Мұны көрген Ақан ашуға мініп, Барақбайға тілі тиіп, Бөрібайды қамшымен салып-салып жібереді. Осыдан кейін Барақбайдың ішінде Ақанға деген кек кетеді. Құлагерді қалайда мерт етіп, Ақанды құсаландырудың жолдарын іздестіреді. Барақбай кеудесінде берішке айналған осы кек Керей Сағынайдың асында Құлагерді өлтіріп тынады.</p> <p>Аспембет: Ы.Олжайұлы «Құлагерді құлатқан кім» мақаласында: -Құлагерді кім өлтіргенін Ақанның, яғни «Құлагер» әнінің өзі айтыпты. Онда әр шумақ сайын «Әй, Бөрібай-әй-әй-әй, Бөрібай-әй,» деп қайталанып, тұла бойыңды шымырлататын өксік бар. Арада қос ғасыр өтсе де осы ән бүгінгі ұрпаққа Батыраш емес, Бөрібайлап жетуі тегінен-тегін болмаса керек. Олай болса, күні бүгінге дейін Құлагер өліміне кіналы болып келген Батыраш есімінің бұған еш қатысы жоқ екендігін ашық айтуға тиіспіз – дейді. Менің болжауымша Құлагердің өліміне себепкер Бөрібай деп ойлаймын.</p>
Қорытынды	<p>Сабақты қорытындылау, оқушыларды бағалау. Үйге тапсырма «Құлагер» өлеңінен 6 шумақ жаттау.</p>	<p>Оқушылар сабақтан алған әсерін смайликтер арқылы көрсетеді. <u>Оқушылар рефлексиясы</u> Бүгін мен не үйрендім? Маған не ұнады? Жаңа сабақ бойынша сұрақ немесе пікір</p>

Бағалау парағы

Сабак кезеңдері	Дискриптор	Рубрикатор	Балл
А	➤ Өлеңді мәнерлеп оқыды (интонация, ритм, пауза).	1	
	➤ Өлең мазмұнын біледі, бірақ ойын жүйелеп жеткізе алмады.	2	
	➤ Қосымша ізденген, өлең мазмұнын біледі, ойын жүйелі жеткізді, басқа өлеңмен салыстырды.	3	
В	➤ Қосымша ізденген ақпаратты қолданды, бірақ өлеңге сатылай кешенді әдеби-теориялық талдау жасай алмады.	1	
	➤ Қосымша ізденген зерттеу материалдарын қолданды, оқулықта берілген тақырып мазмұнымен салыстырды. Өлеңге сатылай кешенді әдеби-теориялық талдау жасады.	2	
	➤ Өлеңде көтерілген мәселелерге байланысты ақпаратты өте жақсы түсінген, талдаған, алған ақпаратты өмірде қолдана алады.	3	
С	➤ Өлең мәтінімен таныс, өз ойын жүйелі жинақтамаған, тұжырымы жоқ.	1	
	➤ Өлең мәтінімен таныс, өз ойын жинақтаған, өз бағасын берген, өз болжамын ұсынды.	2	
	➤ Өлең мәтінімен жақсы таныс, өз ойын жүйелі жинақтап өз бағасын берді, болжамын ұсынды, өз пікірін қажетті зерттеу материалдарымен дәлелдей алды.	3	
Стилі	➤ Сөздік қоры жұтаң.	1	
	➤ Жазу тілі әдеби тіл нормасына сай, ойын жеткізуде ой қайталаулары, қыстырма сөздер кездеседі.	2	
	➤ Сөздік қоры мол, сөз қайтаулары мен қыстырма сөздер жоқ. Ойы жүйелі.	3	
Жалпы ұпай саны -12			

№	Аты-жөні	А	В	С	Стилі	Бағасы
1						
2						
3						

Бағалау өлшемдері:

4 - 6 – «3»

7 - 9 - «4»

10 – 12 – «5»